

Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 22 ақпандағы N 226 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 19 наурызда N 13-1-64 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына (әділет органдарында 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 1578 мемлекеттік тіркеу, 2005 жылғы 6 мамырдағы "Добрый вечер" газеті) мынадай өзгертулер мен қосымшалар енгізілсін:

1) атаулы қаулымен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесінде:

1 тармақтағы "жергілікті маңыздағы" сөздері "санаторийлер мен пансионаттардағы" сөздерімен ауыстырылсын;

2) N 2 қосымшадағы "профилакторийдің" сөзінен кейін»"санаторийдің, пансионаттың" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Т. Н. Құлжанаваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарыққа шыққан күнінен соң күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қала әкімі